

«Мұнай-газ ісі» кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Кәсіби стандарт мыналарға:

кәсіби қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сай келетін біліктілік талаптарын жаңартуға;

персоналды басқару саласындағы міндеттердің ауқымды көлемін шешуге; білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқыту бағдарламаларын әзірлеуге, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

мамандардың кәсіптік даярлығын бағалауды және біліктілікке сәйкестігін растауды жүргізуге арналған.

2. Кәсіби стандарттардың негізгі пайдаланушылары:

білім беру ұйымдарының түлектері, жұмыскерлер; ұйымдардың басшылары мен жұмыскерлері, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен жұмыскерлері;

білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар; мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау және біліктілікке сәйкестігін растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. Кәсіби стандарт негізінде қызметтің функциональдық моделіне, лауазымдарға, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, аттестаттауға, еңбекті ынталандыру жүйесіне және тағы басқаларға арналған ұйымдардың ішкі, корпоративтік стандарттары әзірленуі мүмкін.

4. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – жұмыскерлердің еңбек қызметінің белгілі бір шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайын болуы;

2) біліктілік деңгейі – жұмыскерлердің еңбек әрекеттері күрделілігі, стандартты болмауы, жауапкершілік және дербестік өлшемдері бойынша сараланатын құзыреттеріне қойылатын талаптар жиынтығы.

3) еңбек нысанасы – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында жұмыскерлердің әрекеті бағытталған нысана;

4) еңбек құралдары – бастапқы жағдайдан өнімге түрлендіру үшін жұмыскер пайдаланатын құралдар;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функцияларының және құзыреттерді орындау үшін қажетті тұтастай жиыны арқылы қалыптасқан кәсіптік қызмет саласының құрамдас бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиыны;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы ықпалдасу негізі бар (ұқсас немесе жақын мақсаттар, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) және орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын меңзейтін саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілігінің деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

9) кәсіби стандарт бірлігі – кәсіби стандарттың еңбек қызметінің осы түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функцияларының толық сипаттамасын қамтитын құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы теориялық білімдер мен арнайы даярлық, жұмыс тәжірибесі нәтижесінде алынған практикалық дағдылардың кешені болуын талап ететін еңбек қызметінің түрі;

11) құзырет – еңбек қызметінде білімді, білік пен тәжірибені қолдану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдық-әкімшілік сатысы жүйесіндегі функциональдық орны;

13) міндет – еңбек функцияларын іске асырумен және еңбектің нақты заттары мен құралдарын пайдалануға байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

14) сала – шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, негізгі қорлар мен жұмыс жасайтындардың кәсіби дағдыларының жиыны тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) біліктіліктердің салалық шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) біліктіліктердің ұлттық шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

17) функциональдық карта – кәсіптік қызметтің қандай да бір саласы шеңберінде қызметтің белгілі бір түрін орындайтын жұмыскердің еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

5. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

КҚ – кәсіби қызмет;

ҚТ – қызмет түрі;

КС – кәсіби стандарт;

ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

БТБА – Қазақстан Республикасы жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы.

2. Кәсіби стандарттың паспорты

6. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы): Мұнай және газ кен орындарын бұрғылау, меңгеру және игеру саласындағы қызмет.

7. Экономикалық (кәсіби сала) қызметінің негізгі мақсаты: мұнай және газ кен орындарын бұрғылау, меңгеру және игеру, кен орнын геологиялық модельдеу, сейсмикалық мәліметтерді өңдеу, ұңғымаларды геофизикалық зерттеу.

«Мұнай-газ ісі» кәсіби стандарты кәсіби қызмет саласында ұстауға, сапаға, еңбек шарттарына, жұмыскерлердің біліктілігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

8. Қызмет, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері Кәсіби стандартқа 1-қосымшада айқындалған.

Стандарттар талаптары осы саланың қызмет түрлері мен мынадай кәсіптеріне жатады:

- бұрғылаушы;
- сейсмик-интерпретатор;
- петрофизик;
- мұнайшы геолог;
- мұнай және газды өндіру бойынша супервайзер (мастер);
- тау-кен инженері.

3. Еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкасы

1-параграф, Бұрғылаушы

9. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: – 3-4.

10. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы; мұнай мен газды барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы көмекшісі (бірінші); мұнай мен газды барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы көмекшісі (екінші); электрмен бұрғылау кезінде мұнай және газды барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы көмекшісі.

11. «Бұрғылаушы» кәсібі субъектіні мынадай негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуді және орындай алуды міндеттейді: мұнай мен газға ұңғымаларды бұрғылау.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

12. Еңбек шарттарына, бұрғылаушының білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

13. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

14. Кәсіби стандарт бірліктерін және бұрғылаушы орындайтын еңбек іс-қимылдарын сипаттайтын функционалдық карта осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

15. Бұрғылаушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 5-ші және 6-кестелерінде көрсетілген

2-параграф. Сейсмик-интерпретатор

16. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 5-6.

17. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: геофизик-сейсмик; геофизик; жетекші геофизик; геофизик-интерпретатор.

25. «Сейсмик-интерпретатор» кәсібі субъектіні мынадай негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуді және орындай алуды міндеттейді: сейсмикалық барлау деректерін интерпретациялау, геологиялық модельдеуді сейсмикалық сүйемелдеу.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

18. Еңбек шарттарына, сейсмик-интерпретатордың білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

19. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

20. Кәсіби стандарт бірліктерін және сейсмик-интерпретатор орындайтын еңбек іс-қимылдарын сипаттайтын функционалдық карта осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

21. Сейсмик-интерпретатордың құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 5-ші және 6-кестелерінде көрсетілген.

3-параграф. Петрофизик

22. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 5-6.

23. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: петрофизик.

24. «Петрофизик» кәсібі субъектіні мынадай негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуді және орындай алуды міндеттейді: ұңғымаларды геофизикалық зерттеу нәтижелерін интерпретациялау.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

25. Еңбек шарттарына, петрофизиктің білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

26. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

27. Кәсіби стандарт бірліктерін және петрофизик орындайтын еңбек іс-қимылдарын сипаттайтын функционалдық карта осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

28. Петрофизиктің құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 5-ші және 6-кестесінде көрсетілген.

4-параграф. Мұнайшы геолог

29. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 5-6.

30. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: кен орындарындағы геолог; геолог; бас геолог.

31. «Мұнайшы геолог» кәсіби субъектіні мынадай негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуді және орындай алуды міндеттейді: жер бедерінің, геологиялық объектілердің перспективаларын бағалау, мұнай-газ кен орындарын іздеу мен барлау мақсатында олардың құрылымын зерделеумен байланысты далалық, зертханалық және есептеуші геологиялық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

32. Еңбек шарттарына, мұнайшы геологтың білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

33. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

34. Кәсіби стандарт бірліктерін және мұнайшы геолог орындайтын еңбек іс-қимылдарын сипаттайтын функционалдық карта осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

35. Мұнайшы геологтың құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 5-ші және 6-кестесінде көрсетілген.

5-параграф. Мұнай және газды өндіру бойынша супервайзер (мастер)

36. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 5-6.

37. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: бұрғылаушы көмекшісі, бұрғылаушы, шебер; мұнай және газ өндіру бойынша супервайзер (шебер); қабат қысымын қолдау цехының супервайзері (шебері, учаске бастығы);

мұнайды дайындау және айдау цехының супервайзері (қондырғы шебері); жобалық-конструкторлық бюроның, жобалау институтының технигі, инженері, маманы; ғылыми-зерттеу институтының және басқа зертханашысы, технигі, инженері, кіші ғылыми қызметкері.

38. «Мұнай және газды өндіру бойынша супервайзер (мастер)» кәсіби субъектіні мынадай негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуді және орындай алуды міндеттейді: мұнай және газ өндіру, дайындау және тасымалдау бойынша жұмыстарды жүргізу және ұйымдастыру.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

39. Еңбек шарттарына, мұнай және газды өндіру бойынша супервайзердің (мастер) білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

40. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

41. Кәсіби стандарт бірліктерін және мұнай және газды өндіру бойынша супервайзердің (мастер) орындайтын еңбек іс-қимылдарын сипаттайтын функционалдық карта осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

42. Мұнай және газды өндіру бойынша супервайзердің (мастер) құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 5-ші және 6-кестесінде көрсетілген.

6-параграф. Тау-кен инженері

43. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 6-7.

44. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: бұрғылау бойынша инженер; тау-кен жұмыстары бойынша инженер; ұңғымаларды бекіту бойынша инженер; мұнай-газ құбырын пайдалану бойынша инженер; ерітінділер бойынша инженер; ұңғымаларды айдау, күрделі және аралық жөндеу бойынша инженер; жобалау бойынша инженер; газ кен орындарын әзірлеу бойынша инженер; бұрғылау ерітінділері бойынша инженер; бұрғылау бойынша бас технолог.

45. «Тау-кен инженері» кәсіби субъектіні мынадай негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуді және орындай алуды міндеттейді: Өндірісте бұрғылау, мұнай мен газды өндіру және дайындау бойынша жұмыстарға техникалық басшылық ету және ұйымдастыру.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

46. Еңбек шарттарына, тау-кен инженерінің білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

47. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

48. Кәсіби стандарт бірліктерін және тау-кен инженерінің орындайтын еңбек іс-қимылдарын сипаттайтын функционалдық карта осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

49. Тау-кен инженерінің құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 5-ші және 6-кестесінде көрсетілген.

4. Осы кәсіби стандарт негізінде берілетін сертификаттар түрлері

5. Кәсіби стандартты әзірлеушілер

«Тау-кен өндіру және тау-кен-металлургиялық кәсіпорындар республикалық қауымдастығы» ЗТБ

6. Келісу парағы

Ұйымның атауы	Келіскен күні
Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту және кадрларды даярлау жөніндегі салалық кеңесі	

7. Сараптама және кәсіби стандартты тіркеу

Осы кәсіби стандарт _____

тіркелді.

Кәсіби стандарттар тізіліміне тіркеу № _____

болып енгізілді.

Хат (хаттама) № _____

Күні

«Мұнай-газ ісі»
кәсіби стандартына
1-қосымша

Қызмет түрлері, кәсіптері, біліктілік деңгейлері

p/c №	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығы үдерістерін есепке ала отырып, кәсіптердің атауы	ҚР МЖ 01-2008 мемлекеттік кәсіптердің жіктеуішіне сәйкес кәсіптер атауы	СБШ біліктілік деңгейі
1	Мұнай мен газға ұңғымаларды бұрғылау	Бұрғылаушы	<p>8113 Мұнай және газға барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы</p> <p>8113 «Мұнай мен газды барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы көмекшісі (екінші)</p> <p>8113 Мұнай мен газды барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы көмекшісі (бірінші)</p> <p>8113 Электрмен бұрғылау кезінде мұнай және газды барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы көмекшісі</p>	3-4
2.	Сейсмикалық барлау деректерін талдау, геологиялық модельдеуді сесмикалық сүйемелдеу	Сейсмик - интерпретатор	<p>1214 Геология саласындағы мамандар;</p> <p>1222 Өнеркәсіптегі мамандандырылған (өндірістік-пайдаланушылық) бөлімшелер (қызметтер) басшылары;</p> <p>2114 Ғылыми қызметкер (геология және геофизика саласындағы);</p>	5-6

			2114 Зерттеуші тағлымдамашы (геология және геофизика саласындағы); 2114 Геофизик	
3	Ұңғымаларды геофизикалық зерттеу нәтижелерін интерпретациялау	Петрофизик	1222 Бас геофизик; 1222 Кәсіпшілік геофизика бойынша шебер; 2114 Геофизик; 2114 Ғылыми қызметкер (геология және геофизика саласындағы); 2114 Зерттеуші тағлымдамашы (геология және геофизика саласындағы); 3111 Химия және физика ғылыми зерттеу және оралды қолдану саласындағы техниктер; 3111 Техник-геофизик	5-6
4	Жер бедерінің, геологиялық объектілердің перспективаларын бағалау, мұнай-газ кен орындарын іздеу мен барлау мақсатында олардың құрылымын зерделеумен байланысты далалық, зетханалық және есептеуші геологиялық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу	Мұнайшы геолог	2114 Құрылымдық-іздеу бұрғылау үшін мұнай-газды барлау (партия) геологы 2114 Геолог; 1222 Бас геолог	5-6
5	Мұнай және газ өндіру, дайындау және тасымалдау бойынша жұмыстарды жүргізу және ұйымдастыру	Мұнай және газды өндіру бойынша супервайзер (мастер)	1222 Бұрғылау шебері; 1222 Бұрғылау ұңғымасының шебері; 1222 Мұнайды, газды және конденсатты өндіру бойынша шебер; 1222 Ұңғыманы зерттеу бойынша шебер; 1222 Ұңғыманы зерттеу (сынау) бойынша	5-6

			шебер; 1222 Айдау ұңғымаларын меңгеру және жөндеу бойынша шебер; 1222 Газды дайындау бойынша шебер; 1222 Мұнайды дайындау және тұрақтандыру бойынша шебер	
6	Өндірісте бұрғылау, мұнай мен газды өндіру және дайындау бойынша жұмыстарға техникалық басшылық ету және ұйымдастыру	Тау-кен инженері	1222 Қондырғылар (бұрғылау және т.б.) бастығы; 2147 Тау-кен инженерлері және металлургтер; 2147 Бұрғылау (бұрғылау жұмыстары) бойынша инженер; 2147 Бұрғылау-жару (жару) жұмыстары бойынша инженер; 2147 Балшық ерітіндісі бойынша инженер; 2147 Мұнай және газ өндіру бойынша инженер; 2147 Ұңғымаларды сынамалау және сынау бойынша инженер; 2147 Газ объектілерінің жабдықтарын пайдалану бойынша инженер; 2147 Мұнайды дайындау және тасымалдау бойынша инженер; 2147 Ұңғымаларды бұрғылаудағы күрделі жұмыстар (күрделі жөндеу) бойынша инженер	6-7

«Мұнай-газ ісі»
кәсіби стандартына
2-қосымша

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

ҚР МЖ 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші				
Базалық тобы	8113 Мұнай және газға барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы; 8113 Мұнай мен газды барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы көмекшісі (екінші); 8113 Мұнай мен газды барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы көмекшісі (бірінші); 8113 Электрмен бұрғылау кезінде мұнай және газды барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы көмекшісі			
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)				
БТБА шығарылым, бөлім	6-шы шығарылым, «Бұрғылау; Мұнай және газ өндіру» бөлімі			
БТБА бойынша кәсібі	Барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы	Мұнай мен газды барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы көмекшісі (бірінші);	Мұнай мен газды барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы көмекшісі (екінші)	Электрмен бұрғылау кезінде мұнай және газды барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаушы көмекшісі
ҰБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар			
3	5	4-5	4-5	4-5
4	6-8	6-7	6	-

2-кесте. Еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіптер (кәсіпорындар, ұйымдар) бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары	Мұнай мен газды өндіруші компаниялардың өндірістік және ғылыми-техникалық бөлімшелері.			
Зиянды және қауіпті	Қазақстан	Республикасы	Үкіметінің	1999 жылғы

еңбек жағдайы	19 желтоқсандағы № 1930 қаулысына сәйкес ерекше зиянды және ерекше қауіпті еңбек жағдайлары бар кәсіптер №1 тізімге кіреді	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	ҚР ТЖМ-ның 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №219 бұйрығына сәйкес: - кіріспе нұсқама беру – жұмысқа қабылдау, басқа кәсіп бойынша жұмысқа ауысу кезінде; - кезектен тыс – жұмыс технологияларын өзгерту кезінде, жұмыстың басқа учаскесіне ауыстыру кезінде, жұмыстарды қауіпсіз орындау қағидаларының бұзылуы кезінде – өндірістік бақылау тұлғасының немесе Мемлекеттік инспекторының талабы бойынша; - кезеңділігі – жарты жылда бір рет.	
ҰБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Орта (жалпы орта және кәсіптік немесе техникалық) білімі және курстық даярлығы	-
4	Техникалық және кәсіби білімі; практикалық жұмыс тәжірибесі	СБШ бойынша 3-ші деңгейде 3 жыл көлемінде

3-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі (кәсіптердің еңбек функциялары)

Еңбек функцияларының №	Еңбек функцияларының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
1	Ұңғымалардың құрылысына дайындық жұмыстары
2	Ұңғымаларда бұрғылаудың техникалық үдерісін жүргізу
3	Бұрғылау жұмыстарының сапасын тексеру

4-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерін сипаттау (функционалдық карта)

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек нысанасы	Еңбек құралдары	Міндеттер
1	Бұрғылау қондырғысы	Машиналар, механизмдер, құрал-саймандар, арнайы техникалар, АИА	1-1) Ұңғыма құрылысына дайындық жұмыстары
	Бұрғылау	Машиналар,	1-2) Бұрғылау қондырғысын

	қондырғысы, бұрғылау жабдығы	механизмдер, құрал-саймандар, арнайы техникалар, АИА	және бұрғылау жабдығын орнату
	Бұрғылау қондырғысы	Машиналар, механизмдер, құрал-саймандар, арнайы техникалар, АИА	1-3) Түсіру-көтеру жұмыстары кезінде бұрғылау қондырғысын түсіруге дайындау және биіктіктегі жұмыстарды жүзеге асыру
2	Бұрғылау қондырғысы	Түсіріп-көтеру операциялары, АИА. Аварияларды жою жоспары	2-1) Ұңғымаларда бұрғылаудың технологиялық процестерін жүргізу. Апаттарды жою
	Бұрғылау қондырғысы	Түсіріп-көтеру операциялары, АИА. Аварияларды жою жоспары	2-2) Түсіру-көтеру операцияларын автоматтың көмегімен басқару
	Ұңғыма	Машиналар, механизмдер, бұрғылау құралдары, құрал-саймандар, АИА	2-3) Бұрғылау ерітінділерін дайындау, ауырлату және химиялық өңдеу бойынша жұмыстарды орындау
	Шеген құбырлары	Цементтеу агрегаты, құрал-саймандар, ерітінділер, АИА	2-4) Ұңғыманың шеген құбырларын цементтеу, цементтік көпірлерді орнату және бұрғылау бойынша жұмыстарға қатысу
	Ұңғыма	Машиналар, механизмдер, бұрғылау құралдары, құрал-саймандар, АИА	2-5) Бұрғылау сораптарын іске қосуды және тоқтатуды жүзеге асыру, олардың жұмысын бақылау
	Ұңғыма	Машиналар, механизмдер, құрал-саймандар, арнайы техникалар, АИА	2-6) Ұңғымаларды күрделі және жерасты жөндеу бойынша жұмыстарға қатысу.
3	Ұңғыма	Бұрғылау жөніндегі техникалық, нормативтік, конструкторлық және технологиялық	3-1) Бұрғылау жұмыстарының сапасын тексеру

		құжаттама	
	Бұрғылау қондырғысы, бұрғылау жабдығы	Машиналар, механизмдер, құрал-саймандар, арнайы техникалар	3-2) Ұңғымада қорытынды жұмыстарды орындау. Бұрғылау қондырғыларын бөлшектеу
	Ұңғыма	Техникалық құжаттама	3-3) Техникалық құжаттаманы қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес ресімдеу

5-кесте. СБШ 3-ші деңгейдегі бұрғылаушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер №	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Біліктілігі мен дағдылары	Білімі
1-1) 1-2) 1-3) 2-1) 2-2) 2-3) 2-4) 2-5) 2-6)	<p>Дербестік: ұңғымаларда бұрғылаудың технологиялық процестерін жүргізу үшін өз бетінше жоспарлауды, жауапкершілікті көздейтін, басшылық етумен норманы іске асыру бойынша орындаушылық қызмет</p> <p>Жауапкершілік: бұрғылау қондырғысын құрастыру, түсіру-көтеру операциялары, пайдалану колоннасын қауіпсіздік техникасы (ҚТ) және өрт қауіпсіздігі (ӨҚ) бойынша нұсқаулыққа сәйкес бұрғылау мен тесу кезіндегі қарапайым жұмыс түрлерінің орындалу нәтижесі үшін, өзінің және басқалардың қауіпсіздігін сақтау; қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындау үшін</p> <p>Күрделілік: бұрғылаудың әртүрлі технологиялық мәселелерін шешу</p>	<p>Ұңғымаларда бұрғылаудың технологиялық процестерін жүргізу; апаттарды жою; түсіру-көтеру операцияларын автоматтың көмегімен басқару; бұрғылау ерітінділерін дайындау, ауырлату және химиялық өңдеу бойынша жұмыстарды орындау; ұңғыманың шеген құбырларын цементтеу, цементтік көпірлерді орнату және бұрғылау бойынша жұмыстарға қатысу; ұңғымаларды күрделі және жерасты жөндеу бойынша жұмыстарға қатысу; бұрғылау сораптарын іске қосуды және тоқтатуды жүзеге асыру, олардың жұмысын бақылау.</p>	<p>Қарапайым және күрделі жағдайларда кернды іріктей отырып және іріктемей ұңғымаларды бұрғылау және кеңейту технологиялық режимдері, қағидалары мен тәсілдері; ұңғымаға геологиялық-техникалық наряд; бұрғылау-жару жұмыстары паспортының мазмұны мен дұрыс толтыру; ұңғымаларды цементтеу, битумдау, силикаттау, тампонаждау және қатыру мақсаты мен болмысы;</p>

6-кесте. СБШ 4-ші деңгейдегі бұрғылаушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер №	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Біліктілігі мен дағдылары	Білімі
<p>3-1) 3-2) 3-3)</p>	<p>Дербестік: бұрғылау жұмыстарының сапасын тексеру үшін міндеттерді өз бетінше анықтауды, бағынышты қызметкерлердің норманы іске асыруын ұйымдастыру мен бақылауды, жауапкершілікті көздейтін, басшылық етумен норманы іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет</p> <p>Жауапкершілік: бұрғылау қондырғысын құрастыру, түсіру-көтеру операциялары, пайдалану колоннасын қауіпсіздік техникасы (ҚТ) және өрт қауіпсіздігі (ӨҚ) бойынша нұсқаулыққа сәйкес бұрғылау мен тесу кезіндегі нормалардың орындалу нәтижесі үшін</p> <p>Күрделілік: жұмыс жағдайын өздігінен таңдауды талап ететін бұрғылаудың әртүрлі тәжірибелік міндеттерін шешу.</p>	<p>Бұрғылауға алған тапсырмаларды нақтылайды, қол астындағы жұмысшыларға міндеттер қояды, бұрғылау жұмыстары және оған дайындық кезінде олардың орындалуын қадағалайды</p>	<p>Бұрғылау негіздері, бұрғылау жүргізіліп жатырған ауданның геологиясы туралы мәліметтер, бұрғылау жұмыстары технологиясы</p> <p>Ұңғыларды бұрғылау облысындағы ҚР заңнамалары және өзге де нормативті құжаттар, жер қойнауын пайдалану және қорғау, еңбекті қорғау ережелері және нормалары, өртке қарсы және өндірістік санитария туралы ережелер</p>

«Мұнай-газ ісі»
кәсіби стандартына
3-қосымша

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

ҚР МЖ 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіптердің жіктеуіші		
Базалық тобы	1214 Геология саласындағы мамандар; 1222 Өнеркәсіптегі мамандандырылған (өндірістік-пайдаланушылық) бөлімшелер (қызметтер) басшылары 2114 Геофизик; 2114 Құрылымдық-іздеу бұрғылау мұнай-газ барлау (партия) геологы 2114 Ғылыми қызметкер (геология және геофизика саласындағы); 2114 Зерттеуші тағлымдамашы (геология және геофизика саласындағы).	
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)		
БТБА шығарылым, бөлім		
БТБА бойынша кәсіп		
ҰБШ біліктілік деңгейі		

2-кесте. Еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіптер (кәсіпорындар, ұйымдар) бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары	Мұнай мен газды өндіруші компаниялардың өндірістік және ғылыми-техникалық бөлімшелері. Мұнай-газ бейіміндегі ғылыми-зерттеу институты
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 желтоқсандағы № 1930 қаулысына сәйкес ерекше зиянды және ерекше қауіпті еңбек жағдайлары бар кәсіптер №1 тізімге кіреді
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	ҚР ТЖМ-ның 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №219 бұйрығына сәйкес: - кіріспе нұсқама беру – жұмысқа қабылдау, басқа кәсіп бойынша жұмысқа ауысу кезінде; - кезектен тыс – жұмыс технологияларын өзгерту кезінде, жұмыстың басқа учаскесіне ауыстыру кезінде, жұмыстарды қауіпсіз орындау қағидаларының бұзылуы кезінде – өндірістік бақылау тұлғасының немесе Мемлекеттік инспекторының талабы бойынша;

	- кезеңділігі – жарты жылда бір рет.	
ҰБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
5	Техникалық және кәсіптік білім беру (орта буын маманы), орта білім беруден кейінгі білім беру, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім беру.	4 деңгейде 4 жыл
6	Жоғары білім беру, практикалық тәжірибе.	5 деңгейде 4 жыл

3-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі (кәсіптердің еңбек функциялары)

Еңбек функцияларының №	Еңбек функцияларының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
1	Қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сейсмикалық бақылау және өлшеу жүргізу
2	Бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, далалық сейсмикалық деректерді талдау және өңдеу
3	Кеніштер моделін жасау, ұңғымаларды бұрғылау бойынша нақты ұсынымдар беру

4-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерін сипаттау (функционалдық карта)

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек нысанасы	Еңбек құралдары	Міндеттер
1	Сейсмикалық станция, құрал-саймандар мен аппаратура	Далалық сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу схемалары мен жоспарлары	1-1) Далалық сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу
	Сейсмикалық станция, құрал-саймандар мен аппаратура	Бағдарламалық-техникалық кешен	1-2) Сейсмикалық барлау деректерін бақылау және мұрағаттау. Сейсмикалық барлау жұмыстарын қабылдауға қатысу
	Қазіргі заманғы ақпараттық технология	Техникалық және бағдарламалық құралдар (Kindom, Petrel, Roxar, DV-Discovery)	1-3) Өңдеу және талдау жүйесіне сейсмикалық барлау деректерін дайындау және енгізу

2	Қазіргі заманғы ақпараттық технология	Техникалық және бағдарламалық құралдар (Kindom, Petrel, Roxar, DV	2-1) Қималық және аландық сейсмикалық барлау деректерін және тікелей сейсмикалық қима деректерін өңдеу
	Қазіргі заманғы ақпараттық технология	Техникалық және бағдарламалық құралдар (Kindom, Petrel, Roxar, DV	2-2) Арнайы бағдарламаларды қолдана отырып, сейсмикалық деректерді талдау
	Қазіргі заманғы ақпараттық технология	Техникалық және бағдарламалық құралдар (Kindom, Petrel, Roxar, DV	2-3) Сейсмикалық барлау және ҰГЗ деректерін кешенді талдау, сейсмикалық барлау материалдары мен ұңғымаларды бұрғылау материалдарын біріктіру
	Қазіргі заманғы ақпараттық технология	Техникалық және бағдарламалық құралдар (Kindom, Petrel, Roxar, DV	2-4) Геологиялық моделдеу үшін деректер дайындау және беру, сейсмикалық барлау бөлігіндегі ҰГЗ жобаларына ақпараттық қолдау көрсету
3	Карта изохрон, структурная карта, разломов	Техникалық және бағдарламалық құралдар (Kindom, Petrel, Roxar, DV	3-1) Ұңғымаларды бұрғылау нәтижелері мен зерттеу ауданы бойынша геологиялық мәліметтерді пайдалана отырып изохрон, құрылымдық картаны және қиманы тұрғызу
	Лицензиялық учаскелердің сейсмикалық геологиялық модельдері	Техникалық және бағдарламалық құралдар (Kindom, Petrel, Roxar, DV	3-2) Стандартты салалық бағдарламалар көмегімен геофизикалық объектілерді математикалық модельдеу және зерттеу
	Кен орнының геологиялық-технологиялық моделі	Жаңа барлау (өндіруші) ұңғымаларды бұрғылауға қою ұсынымы	3-3) Материалдарды өңдеу, ұңғымаларды бұрғылау бойынша нақты ұсынымдар беру

5-кесте. СБШ 5-ші деңгейдегі сейсмика-интерпретатор құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер №	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Біліктілігі мен дағдылары	Білімі
1-1) 1-2) 1-3) 2-1) 2-2) 2-3) 2-4)	<p>Дербестік: қималық және алаңдық сейсмикалық барлау деректерін және тікелей сейсмикалық қима деректерін өңдеу үшін нақты технологиялық процесс учаскесі мен кәсіпорын қызметінің стратегиясы шеңберіндегі жауапкершілікті болжайтын басқарушылық қызмет</p> <p>Жауапкершілік: геологиялық моделдеу үшін деректер дайындау және беру, сейсмикалық барлау бөлігіндегі ҰГЗ жобаларына ақпараттық қолдау көрсету</p> <p>Күрделілік: арнайы бағдарламаларды қолдана отырып, сейсмикалық деректерді талдау</p>	<p>Сейсмикалық деректерді өңдеудің және түгендеудің әртүрлі кезеңдерінде геологиялық-геофизикалық ақпаратты түрлендіруді іске асыратын бағдарламалар алгоритмдерін әзірлеу</p> <p>Жеке немесе өзге де геофизикалық әдістермен бірге геологиялық барлау процесінің әртүрлі кезеңдерінде сейсмикалық зертеуді жоспарлау; геологиялық моделдеу үшін сейсмикалық материалдарды талдау; ұңғымалық деректер мен сейсмикалық мәліметтерді кешенді талдау; сейсмикалық атрибуттарды сапалы және сандық талдау, сейсмикалық арнайы талдау</p>	<p>Сейсмикалық барлау мәліметтерін талдау негіздері, жиелікті және кеңестікті-уақытша сүзілу қағидасы; арнайы ұғымдар; геофизикалық әдістерді кешендеудің спектрлік ұстанымдары; геофизикалық мәліметтерді кешенді талдау алгоритмі және бағдарламалары; геофизикалық мәліметтерді корреляциялық-регрессиялық, дисперсті және факторлық талдау; сейсмикалық әдістердің даму бағыты</p>

6-кесте. СБШ 6-шы деңгейдегі сейсмика-интерпретатор құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер №	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Біліктілігі мен дағдылары	Білімі
3-1)		Сейсмиканың 2D	Сейсмикалық барлау

<p>3-2) 3-3)</p>	<p>Дербестік: қималық және алаңдық сейсмикалық барлау деректерін және тікелей сейсмикалық қима деректерін өңдеу үшін нақты технологиялық процесс учаскесі мен кәсіпорын қызметінің стратегиясы шеңберіндегі ұңғыманы бұрғылау мен жөндеу үдерісін зерттеуге қатысу үшін жауапкершіліккі болжайтын басқарушылық қызмет</p> <p>Жауапкершілік: геологиялық моделдеу үшін деректер дайындау және беру, сейсмикалық барлау бөлігіндегі ҰГЗ жобаларына ақпараттық қолдау көрсету</p> <p>Күрделілік: стандартты салалық бағдарламалар көмегімен геофизикалық объектілерді математикалық модельдеу және зерттеу</p>	<p>және 3D материалдарын талдау, акустикалық немесе синхрондық инверция нәтижелерін, ҰГЗ деректерін және ұңғыларды сынау нәтижелерін талдау нәтижесінде лицензиялық учаскенің сейсмикалық геологиялық моделін тұрғызу және негіздеу; бекітілген мұнай кеніштері мен мұнайы бар объектілерді олардың сиымдылық-сүзілу қасиетін анықтау мақсатында сейсмикалық геологиялық талдау жасау; өнімді қабаттарды ары қаорай зерттеу және игеру тиімділігін анықтау, мұнай қорын анықтау мақсатында нақты деректер алу; Салалық стандарттарға сәйкес қосымшасы бар мәтіндік есеп беру</p>	<p>мәліметтерін талдау негіздері, жиелікті және кеңестікті-уақытша сүзілу қағидасы; арнайы ұғымдар; геофизикалық әдістерді кешендеудің спектрлік ұстанымдары; геофизикалық мәліметтерді кешенді талдау алгоритмі және бағдарламалары; геофизикалық мәліметтерді корреляциялық-регрессиялық, дисперсті және факторлық талдау; сейсмикалық әдістердің даму бағыты</p>
----------------------	--	--	---

«Мұнай-газ ісі»
кәсіби стандартына
4-қосымша

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

ҚР МЖ 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіптердің жіктеуіші	
